

ОӘЖ: 101.9

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ

Сағындықов Жаңабек Жаңабергенұлы

sagyndykov_zhzh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің философия мамандығының 2 курс студенті. Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р.Кемербай

Шешендік өнер – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Яғни халқымыздың қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры болып табылады. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық жадында ерекшеленіп өткен құнды мұра және тарихтың бір бөлігі. Шешендерінің сөздері қағазда емес, ауызда, халық жадында сақталған. Сондықтан олар сол бастапқы қалпында емес, ұрпақтан –ұрпаққа халық арқылы көшіп отырып,өңдеуге көп ұшыраған. Шешендердің сөздері бүкіл қазақ еліне тарағандықтан, өзгеріспен әр жерде әр түрлі автор атымен айтылаған. Демек, шешендік сөздерді алғашқы айтушы жеке адамдар болғанымен, оны кейін өндеген де, сақтаған да халық болды, сондықтан оның авторы да — халық. Бұның дәлелі – қазақтың көркем әдебиеті, ой мен суреті қиылысқан шешендік сөздері. Шешендік сөздер – ой мен көркемдігі жарасқан, құрылымы ақылға қонымды, уақыт өткен сайын тереңдігі ашыла беретін асыл мұра. Шешендік сөздер – ұлт тілі мәдениетінің бар шарттарын орындауымен де елге жақын.

Шешендік – сирек кездесетін қасиет. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырыпсалма жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен

дараланады. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Шешендік өнер туралы айтылғасын,оның түп-тамырына тоқталған жөн. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. Шешендік сөздер белгілі бір ұйқаспен, ырғақпен айтылып өз тыңдаушысы досына айтар нақты пікірді дұшпанына қатал зілділігімен көңілі күпті жанға медеу берсе, қас батырға ұран болатындай шапқанын қиып түсіретін алмас қылышай өткір болып келеді. Шешендік сөз жиын топтың алдында ауызша сөйлеп, белгілі бір істің шешімін табу болып табылады. Қасындағы адамдарға әсер етіп, құлақ құрышын қандыруды айтамыз.

Қазақ шешендік өнерін көнелендіру, оның тарихын сонау ежелгі сақ, ғұндарға қатысты әңгімелерден, Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен бастау алады. Тарихымызда әдеби тілдегі шешендік ауыз әдебиетіміз, сон дай-ақ авторы белгілі жазба мұраларымыз, билер сөзі, ақын-жырау шығармалары арқылы көрінеді. Қазақ шешендік өнері "түмен сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би" деп Майқы би мен Аяз биден бастау алады. Шешендік сөздер сұлу сөзбен өрілген поэзиямен қоса ой тұңғыйығының терең түкпірінен қайнап шыққан тас бұлақтай таңданарлық философиялық тұжырымдар. Сонымен бірге қазақ шешендік өнерінде, шешендер атсы Жиренше депте атауға болады. Өмір көші алға тартып келе жатқан заманда халық ауыз әдебиетіміздегі ең бай мұрамыз шешендік өнер сөз басында айтып кеткенімдей Майқы би, Аяз би одан кейінгі Жиренше шешен Асан Қайғы мұраларымен дамып, толыға түсті.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В. Радлов зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған. Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Қазақ халқының сөз өнері, шешендік өнері жайында тереңнен ой толғап, нақты тұжырымдар жасаған ғалымдардың бірі – Р.Сыздықова. Автор шешендік өнер дәстүрі тарихына тоқтала келіп, шешендік өнер мен шешендік сөз ұғымдарының ара-жігін ажыратып көрсетеді. Біздіңше “шешендік сөз” деген терминді бұрынғысынша шешендік өнердің іс жүзінде асқан нәтижесін атауға қалдыру керек, яғни фольклор мұрасының бір жанрын және қазіргі кезде шешен айтылған сөзді осылайша атау керек те, шешендік өнердің, сөзге шеберліктің өзін сәл болса да өзгешелеу атау қажет. Бұл ұғымға “шешендік” деген абстрактілі есімді теліп, ол – “шешен сөйлеу” деген актінің атауы болса дейміз. Қазақ шешендік сөздері — бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтініңді біл», – деп толғайды. Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатып, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі». Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілген. Шешендік өнер — көрген-білгенді

көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында талай айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы жетілетін өнер. Шешендік өнердің қиындығы туралы Бұқар жырау: ...Көш бастау қиын емес – Қонатын жерде су бар. Қол бастау қиын емес – Шабатын жерде жау бар. Шаршы топта сөз бастау қиын – Шешімін таппас дау бар, – деп дұрыс аңғартады. Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет. Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған. Жазба әдебиетіміз дамыған кейінгі дәуірде шешендік сөздер саптан шыққан жоқ. Заманға сай жаңа мазмұн, жарасымды түр тапқан шешендік сөз нұсқалары көбейді. Шешендік сөздің шыны – айтыс. Мұнда ауыз әдебиетіне тән барша қасиеттер тоғысқан. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, сондай-ақ тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленеді. Шешендер сөзі – халқымыздың тілдік қазынасы. Ол көркем әдебиетіміздің қалыптасып дамуына белгілі дәрежеде үлес қосқан ақын-жыраулардың арнау, толғау сөздеріне ұқсас болып келеді. Ертеден-ақ, халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болды. Ел қамын жеген ерлері, сөзін сөйлеген, әділін айтқан шешендері, білімпаз билері болды. Би – халықтың көкейіндегісін айтқан, ойын жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазақтың атақты билері Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Өйтекеден қалған сөз дәстүрі ғасырлар бойы үзілген емес. Ш.Уәлихановтың: «Би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған өкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес, тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болған. Би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетіктігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуге тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған», – деген сөздерінен би – халықтың көкейіндегісін айтқан, жарыққа шығарған әділет жоқшысы екенін танимыз.

Қорыта айтқанда, қазақтың шешендік өнері тұнып тұрған тарих тағлымы, болашақ ұрпаққа тәрбие, қазақ халқының ауыз әдебиеті сөздік, тілдік қоры бай екенің байқай аламыз, қазақ шешендік өнері қай заманда да, қай қоғамда да үлкен сый, құрметке ие бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М.Есжанов. «Шешендік қасиетті өнер» - 1992 ж.
2. Г.Қосымова. «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» - 2003 ж.
3. Б.Адамбаев «Шешендік сөздер» - 1992 ж.